

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 16 қыркүйектегі № 95
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Медициналық бұйымдарға белгіленген шекті бағалар бойынша
медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде
бірыңғай дистрибьютор сатып алатын медициналық бұйымдардың тізбесін
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020
жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-252/2020 бұйрығына өзгеріс пен
толықтыру енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Медициналық бұйымдарға белгіленген шекті бағалар бойынша медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде бірыңғай дистрибьютор сатып алатын медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-252/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21778 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 43) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық бұйымдарға белгіленген шекті бағалар бойынша медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде бірыңғай дистрибьютор сатып алатын медициналық бұйымдардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-жолмен толықтырылсын:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

«

17.

Керек-жарақтарымен автоматты хемилюминесцентті талдауыш

».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту департаменті Қазақстан
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның
қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан
Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау
банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат
институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. Алыназарова